

Жеке кәсіпкер болып табылатын немесе жеке практикамен айналысатын клиент не заңды тұлға (оның филиалы мен өкілдігі), шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдік, сондай-ақ оның уәкілетті тұлғасы ұсынатын деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Жеке кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын тұлға* (бұдан әрі-Клиент-жеке тұлға) / заңды тұлғаның (оның филиалы мен өкілдігінің), шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктің уәкілетті өкілі (бұдан әрі-Клиент-заңды тұлға), "Alatau City Bank" акционерлік қоғамына, БСН 920140000084 (бұдан әрі – Банк), Банктің үлестес тұлғаларына, Банкпен шарт жасасқан үшінші тұлғаларға төмендегі әрекеттерге сөзсіз келісімін беремін:

- биометриялық және өзге де деректерді қоса алғанда, менің дербес деректерімді, оның ішінде мен/клиент-заңды тұлға туралы заңдармен қорғалатын деректерді: салықтық құпияны, банктік құпияны, сақтандыру құпиясын және т. б. қоса алғанда, барлық ұялы байланыс операторларының дерекқорларынан, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан, мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдар мен тұлғалардың тікелей және үшінші тұлғалар арқылы жинауға/алуға, өңдеуге, оның ішінде трансшекаралық беруге (жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратусыз);

- егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, болашақта келіп түсетін деректерді қоса алғанда, Банк ақпарат беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроларға мен/Клиент-заңды тұлға туралы ақпаратты беруге, Банктің мен/Клиент-заңды тұлға туралы кредиттік есепті кредиттік бюродан алуына.

Осымен сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ақпарат көздеріне Банкке, Банктің үлестес тұлғаларына, Банкпен шарт жасасқан үшінші тұлғаларға жоғарыда көрсетілген кез келген мәліметтер мен ақпаратты беруге, кредиттік бюроның жоғарыда аталған кез келген дереккөздерден кез келген мәліметтер мен ақпаратты алуына өзімнің сөзсіз келісімімді беремін.

Маған қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де тасығышта тіркелген, Банк өзі бекіткен дербес деректер тізбесіне енгізетін барлық мәліметтер дербес деректер болып табылады.

Осы келісім Банктің қызметтер көрсетуіне байланысты мәмілелер жасау (шарттар жасасу және орындау) үшін заңдық салдарлар туғызатын шешімдер қабылдау немесе Банктің өзге де әрекеттер жасауы мақсатында ұсынылады.

Осы келісім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және жазбаша нысанда кері қайтарып алынған күнге дейін қолданылады.

☐ Клиент-жеке тұлға:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): _____, ЖСН _____.

☐ Клиент-заңды тұлға (ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы):
«_____», БСН _____.

Клиент-заңды тұлғаның уәкілетті өкілі:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса): _____, ЖСН _____.

күні: _____

Осы Келісімді клиент-жеке тұлға/клиент-заңды тұлғаның уәкілетті өкілі растады (қол қойды):

(Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса))

(қолтаңба / сәйкестендіру әдісі)

* жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор.